

**Өскемен қалалық мәслихатының 2024 жылғы 23 тамыздағы № 24/2-VIII "Өскемен қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары мен мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2025 жылғы 24 қазандағы № 38/4-VIII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 қазанда № 37252 болып тіркелді

Өскемен қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Өскемен қалалық мәслихатының 2024 жылғы 23 тамыздағы №24/2- VIII " Өскемен қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары мен мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9064-16 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Өскемен қалалық мәслихатының төрағасы*

*А. Светаш*

Өскемен қалалық мәслихатының  
2025 жылғы 24 қазандағы  
№ 38/4-VIII шешімге  
қосымша

**Өскемен қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары мен мөлшері**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-

тармағына сәйкес әзірленді және Өскемен қаласының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындайды (бұдан әрі - мамандар).

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ағымдағы шот – банктік шот шарты негізінде банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым ашатын банктік шот;

2) коммуналдық көрсетілетін қызметтер – тұтынушыға ұсынылатын, қауіпсіз және жайлы тұру (болу) жағдайларын қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтауды, су бұруды, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқыс әкетуді, лифтілерге қызмет көрсетуді қамтитын қызметтер.

3. Әлеуметтік қолдауды тағайындауды уәкілетті органы – "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады (бұдан әрі – ММ).

## **2-тарау. Мамандарға бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері**

4. Әлеуметтік көмек бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алуға, алушылардан өтініштерін талап етпей, мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларымен бекітілген жинақ тізім негізінде ( бұдан әрі – тізім), ақшалай нысанда "Қазпошта" акционерлік қоғамы аумақтық бөлімшелері, екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығын және қаржылық операцияларды реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар арқылы алушылардың шоттарына аудару жолымен көрсетіледі.

5. Әлеуметтік қолдау жылына бір рет бюджет қаражаты есебінен 10,936 (он бүтін тоғыз жүз отыз алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

6. Әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған шығыстарды қаржыландыру ағымдағы қаржы жылына Өскемен қаласының бюджетінен бөлінген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

7. Коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету туралы шешім қабылдау мерзімі тізімді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

8. ММ қызметкері денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мемлекеттік ұйымдардың тізімдерін 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

9. Мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшылары ұсынған тізімдер арасында сәйкессіздік анықталған жағдайда, ММ Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73 және 74-баптарына сәйкес әлеуметтік қолдау көрсетуден бас тарту туралы алдын ала қабылданған шешім туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беретін отырыстың уақыты мен орны (тәсілі) туралы мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын хабардар етеді.

Тізімдерді қарау нәтижелері бойынша ескертулер болмаған жағдайда ММ оң шешім қабылдайды және мамандардың ағымдағы шоттарына коммуналдық көрсетілетін қызметтерге және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау төлемдерін жүргізеді.